

«Сарыжар ЖОББМ»КММ-нің

2023-2024 оку жылы бойынша өткізілген іс-шаралар есебі

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай «Тіл-білімнің кілті» кітап көрмесі үйымдастырылды.

Мақсаты: мемлекеттік тілді дамыту және тарату, білім алушылардың тілге деген қызығушылығын, өзара түсінушілігін тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттері мен танымдық қызығушылықтарын дамыту. Эр үзіліс сайын кітап көрмесі окушыларға таныстырылды. Жасақталған көрмеге імемлекеттік тіл және өзге ұл өкілдерінің тілдерінін тарихы, дамуы туралы акпарат беретін буклеттер мен кітапхана қорындағы тілге байланысты әдебиеттер қойылды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапхана қоры жаңа көркем әдебиеттермен толықтырылды. "Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге" әдебиеттер мен балаларға арналған көркем шығармаларды окуға ұсынамыз.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында окушылардың күзгі демалыс кезіндегі бос уақытын тиімді үйымдастыру жоспары аясында мектеп кітапханашысы Бибігүл Сабанбайқызының үйымдастыруымен дайындалған «Оқуға құштар мектеп—күзгі демалыста» атты бейнеролигі көрсетілді.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 24-қараша күні мад"Б" сыныбында "Кітаптар әлемінде" атты тақырып аясында, мектеп кітапханасына саяхат жасады. Кітапханашы Бибігүл апай, балаларға ертеңі кітаптармен таныстырып, балалардан өздері біletін ертегілерінсүрады.



«Окуға құштар мектеп» жобасы аясында 2023-2024 оқу жылы "Бір ел-бір кітап" акциясы аясында жазушы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқымыз. "Бір ел-бір кітап" акциясы аясында Сарыжар орта мектебінің кітапханасында Б.Бақытжанова мен А.Сағидың үйымдастырымен "Балалар әдебиетінің бәйтерегі Бердібек Соқпақбаев" тақырыбында ақпараттық сағат өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға жазушының өмірі мен шығармашылығын таныстыру. Шараға қазак тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Молдиманова А. мен 8 класс оқушылары қатысты



"Окуға құштар мектеп" жобасы аясында үйымдастырылған Республикалық челленджі қабылдалап, Қасым Қайсеновтың "Жау тылындағы бала" атты кітабына әлеуметтік желіде онлайн шолу жасалынды сондай-ақ "Жау тылындағы бала" атты кітабын насхаттау барысында білім берушілер мен білім алушыларға буклеттер таратылды. Челлендж жаппай оку барысында мектеп үстаздары осы шығарманы оқып өзгеге оқырман қауымына ұсынды.



"Окуға құштар мектеп" жобасы аясында 12 сәуір-ғарышкерлер күніне орай мектебіміздің 4сынып оқушыларымен мектеп кітапханасында танымдылық сағаты өтті. Шара барысында оқушыларға Қазақстанның ержүрек үшқыш-ғарышкерлері жөнінде тың ақпарат берілді. Кітапханада кітап көрмесі үйымдастырылып, оқушыларға қызықты тапсырмалар беріліп, оқушылар жыр-шумактарын айтып осы мереке қарсаңына әсем ән шырқалды



"Окуға құштар мектеп" жобасы аясында 23-сәуір Халықаралық кітап күніне орай мектеп оқушыларымен "Мен оқыған кітап" сауалнамасы жүргізілді. Тұрақты кітап оқып, белсенділік танытып жүрген оқушыларға тәттілер таратылды.



Оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Мамыр - Ынтымақ айы» жоспары негізінде “Демалыста кітап оқылық” челленджін өткізу барысында, мектеп кітапханасында “Букроссинг” шарасы өткізілді.



Оқуға құштар мектеп жобасы аясында “Мамыр- Ынтымақ айы” айлығы аясында “Оқуға құштар мектеп” жобасын іске асыру мақсатында 17 мамырда “Менің үй кітапханамдағы кітаптар” атты виртуалды кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітабы көп үй езгеше сәнімен көз қызықтыратыны белгілі. Окушылар өздерінің үй кітапханасындағы кітаптарымен виртуалды түрде бөлісті.



Оқуға құштар мектеп жобасы аясында 1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесіне орай ауданымызда кең ауқымды мерекелік шара өткізілді. Сол шарада ауданның мектеп кітапханашылары белсене қатысты. Кітапханашылар өртегі жинақтарынан көрме ұйымдастырып, қызықты викториналық ойындар өткізді. Аудандық көрмеге мектебіміздің кітапханашысы Малайдарова Шаттыгүл Төребеккызы “Есіндеме ме өртегі?” атты өртегілер бейнеленген Зд кітап макетін ұсынды.

Кітапта “Шалқан”, “Толағай”, “Түйме қызы” және “Бауырсақ” өртегілері топтастырылған, кітапта бейнеленген өртегілерді кейіпкерлері арқылы тауып, белсене қатысқан аудан бұлдіршіндерімен мектеп окушыларына ынталандыру сыйлықтары берілді. Атальыш шарага қатысқан әкімі М.Ысқаев пен аудандық білім бөлімінің басшысы А.Есалин көрмемен таныс болды. @martok_bilim_bolimi



Оқуға құштар мектеп жобасы аясында 1-маусым Халықаралық балаларды қорғау мерекесіне арналған «Алтын балалық шақ» декадасы жоспары аясында “Балдәурен” жазғы сауықтыру лагерінде балаларға мектеп кітапханашысы Малайдарова Ш.Т ұйымдастыруымен “Атадан балаға мұра” тақырыбында іс-шара өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/DFuUo5jMXJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«ҚАЗАҚТЫ ТАРИХЫМЕН ҚАУЫШТЫРГАН ҚАЛАМГЕР»

«Оқуға құштар мектеп» негізінде “Балалар кітапханасы” жобасы аясында мектеп кітапханасында Сарыжар ауылдық кітапханасымен мен бірлесе казакқа танымал жазушы, тарихи романдардың авторы Илияс Есенберлиннің туғанына 110 жыл толуына орай 9”Б” сынып оқушыларымен “Қазақты тарихымен қауыштырган қаламгер” тақырыбында танымдылық кеші откізілді. Шара барысында оқырмандар Илияс Есенберлиннің өмір баянымен Қошпендерлер трилогиясындағы Қаһар», «Алмас қылыш», «Жанталас» шығармаларымен танысты. Сондай-ақ Илияс Есенберлиннің «Қошпендерлер» трилогиясының екінші кітабы “Жанталас” романына негізделген “Қошпендерлер” атты кинофильмі көрсетілді. Шара сонында оқушылар сұрақтарға жауап беріп тест тапсырмаларын орындаады.



https://www.instagram.com/reel/DGAG8K5ss1q/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«ӨЛЕҢНІҢ ТАУ ТҮЛҒАСЫ – ҚАДЫР АҚЫН»

«Оқуға құштар мектеп» негізінде “Балалар кітапханасы” жобасы аясында Қазақ поэзиясының жарық жүлдезі ақын, Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әлінің туғанына 90 жыл толуына орай Сарыжар ауылдық кітапханасы, Сарыжар орта мектебінің кітапханасымен бірлесе отырып, 2”Б”сынып оқушыларының қатысуымен, сынып жетекшісі Борашева Г.Е “Өлеңнің тау түлғасы-Қадыр ақын” тақырыбында әдеби сагат откізілді. Мақсаты: Ақынның шығармашылығын өскелен үрпакқа насиҳаттау, мәнерлеп оқуға баулу. Қадыр ақын балалар әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосып, балаларға арнап өлеңдер, жұмбактар мен жаңылтпаشتар, санамақтар жазды. Шара аясында кітапханашылар ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы баяндап берді. Оқушылар жұмбактар шешіп, ақынның “Ана тілі”, “Анама”, “Не үшін”, “Ойыншиқтар” т.б өлеңдерін мәнерлеп оқып, “Апам үшін” әнін орындаады.



https://www.instagram.com/reel/DJlwG0lMqYI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«ҚАЛЫҢ ҚАЛАЙ ОҚУЛЫҚ?»

«Оқуға құштар мектеп» негізінде “Балалар кітапханасы” жобасы негізінде акпан айының 10-14 күн аралығында 2-4 сыныптар арасында “Қалың қалай оқулық?” мектеп оқулықтарына рейд жүргізілді. Оқулықтары қапталмаган, жыртылған оқушыларға ескеरту беріліп, оқулықты дұрыс және ұқыпты ұстау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Рейд барысында оқулықтың толығымен қапталуы бойынша 4”Б”сыныбы

және оқулықтың толығымен қапталуы,ұқыпты ұсталуы бойынша 2”Б” сыныбы ерекше көзге түсті. Мектеп оқулығы әр оку пәні бойынша білім көзі болып табылады. Сондықтан, оқулық-әр окушының айнасы, мектептің кітап қорына деген жанашырлығының белгісі болып табылады.



https://www.instagram.com/reel/DGFvsCysyaP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«15 АҚПАН - КЕҢЕС ЭСКЕРЛЕРІНІЦ АУГАНСТАН ЖЕРИНЕШ ШЫҒАРЫЛҒАН КҮНІ»
“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы негізінде “**Балалар кітапханасы**” жобасы аясында 15 Ақпан - Кеңес ескерінің Ауган жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай, Ауган соғысының ардагерлерімен кездесу өткізілді. Кездесу барысында “Ардагерлер -асыл ерлер” тақырыбында көрме үйымдастырылды. Көрмегे ауган соғысы жайындағы “Екі ғасырдың батырлар “1979-1989 жылдар”, “Ауганның жалыны” Qr кодты кітаптары, мен ардагерлердің ескі суреттері, маралпартары мен алғыс хаттары қойылды.



https://www.instagram.com/reel/DGKkuYRoiFs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«ӘР ӨЛЕҢ – БІР ӘЛЕМ»

«Оқуға құштар мектеп» негізінде “**Балалар кітапханасы**” жобасы аясында 9-ақпан ақын Мұқағали Макатаевтың тұган күніне орай «Әр өлеңі -бір әлем» атты «Өнегелі 15 минут» іс-шарасы үйымдастырылды.

5”Б”сынып оқушылар Мұқағали Макатаевтың **«Уш бақыттым», «Өмір»** сынды өлеңін мәнерлеп оқыды.



https://www.instagram.com/reel/DFxHn2dsFRx/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«ШЫН ЖУРЕКТЕН КІТАП СЫЙЛА»


«Оқуға құштар мектеп» негізінде “**Балалар кітапханасы**” 10-14 ақпан аралығында **«Шын жүректен кітап сыйла!»** челленджі өтті.

Челленджің басты мақсаты - кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру. Челлендж аясында мектеп білім алушылары, білім берушілер, балаларға арналған көркем әдебиеттерді, танымдық, кітаптарды сыйға тартты. Осы орайда челленджге белсене қатысқан 2”Б”сынып оқушылары сыйнып болып кітапханаға ертеғі кітаптарын сыйға тартты.



Оқуға құштар мектеп жобасы аясында 4 шілде күні Астана күніне орай «Ел жүргі - Астана» атты оқырмандарга виртуалды кітап көрмесі ұсынылды.. Кітап көрмесіне Астана туралы фотосуреттер, елорданың өткенінен және бүгінін сыр шертетін туындылар, Астананың қазіргі келбетін баяндайтын әдебиеттер қойылды.




Орындаған:  Ш.Т.Малайдарова



І мәдениханалық көлбекерлердегі "Оқуға құштар мектеп" күнінде 1-класстық қызынан 4-класстық қызына дарынуда өткендегі оқырмандардың өткенінен және бүгінін сыр шертетін туындылар, Астананың қазіргі келбетін баяндайтын әдебиеттер қойылды.

Дарынуда оқырмандар өткенінде 1-класстық қызынан 4-класстық қызына дарынуда өткендегі оқырмандардың өткенінен және бүгінін сыр шертетін туындылар, Астананың қазіргі келбетін баяндайтын әдебиеттер қойылды.



Оқуға құштар мектеп" күнінде 1-класстық қызынан 4-класстық қызына дарынуда өткендегі оқырмандардың өткенінен және бүгінін сыр шертетін туындылар, Астананың қазіргі келбетін баяндайтын әдебиеттер қойылды.